

№39 "Қызылөзек" орта мектебі
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 1-отырысының
хаттамасы

№39 "Қызылөзек" орта мектебі 05.09.2022ж

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті

Қатысқандар:

- 1) Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Сарманова Л
- 2) Педагог-психолог – Абилова А
- 3) Педагог-психолог – Калмаганбетова С
- 4) Әлеуметтік педагог – Сапаржанова Ж
- 5) Арнайы педагог – Мағауияұлы Н
- 6) Медбике- Каракузиева Ж

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту;
3. Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритмі;
4. ЕББҚ ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілері;

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры **Ж.М.Байжанов** сөз алды. 2022-2023 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сарманова Л ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен таныстырды. 2022-2023 оқу жылында мектебімізде 3 оқушы бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен және 2 оқушы жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылады. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын оқушылар:

9 «Б» сынып оқушысы – Ергеш Қожанияз. ОПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

5 «Б» сынып оқушысы – Мұратбек Жанерке . ОПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

Жоғарыда аталған оқушыларға ПМПК ұсынысына сәйкес жеке оқу жоспарының мазмұны талқыланып, бекітілді.

4 «Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынған. ОПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша арнайы педагог Мағауияұлы Н толық ақпарат берді. Жоғарыда аталған оқушыларға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Терең педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес бірінші және екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары құрастырылып (үлгілері берілді), арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылатындығы айтылды. Өзін-өзі тану, дене шынықтыру, көркем еңбек, АКТ пәндері жалпы білім беру бағдарламаларымен оқытылады.

Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын екі оқушыға 1-ші тоқсанға негізгі пәндер бойынша (Математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, ағылшын, орыс тілі) оқу бағдарламалары бейімделеді. Бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары әр тоқсан сайын оқушылардың жетістіктер картасын толтыру арқылы жасалатындығы айтылып, көрсетілді (үлгілері берілді).


Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша мектептің арнайы педагог Мағауияұлы Н сөз алды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілеріне тоқталды. «Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдістемелік нұсқаулық/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.» әдістемелік нұсқаулығында берілген формалар көрсетіліп, толтыру жолдары ұсынылды.

Ұсыныс:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімдеу (1, 1а, 2а, 2б, 3, 4, 5, 6 формалар);

Шешім:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын;
3. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімделсін;

Хатшы:  Мағауияұлы Н

Хаттама

№39 "Қызылөзек" орта мектебі 22.10.2022ж

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, мектеп арнайы мамандары, мектеп психологтары, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде қаралған мәселе: 4 «Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынғанға педагог - ассистенттің көмегін қажет етуіне байланысты ПМПК мамандарына ұсыныс беру.

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысын ППҚҚ төрайымы Сарманова Лаззат ашты. 4 «Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынғанға педагог - ассистенттің көмегін қажет етуіне байланысты ПМПК мамандарына ұсыныс беруге дайындау. Мақсатымыз ата- ана келісімімен ЕББҚ бар оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету.

Сынып жетекшісі Қалиева Р:

Сақтаған Сағынған– осы мектептің 4 «Б» сынып оқушысы. Жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруі қиын. Сөздерді қосып оқиды, алайда көптеген қателер жібереді, кейде әріптерді тастап кетеді, кейде ауыстырады. Оқу шапшаңдығы минутына: 4-5 сөз оқиды. Оқыған мәтінінің мазмұнын айта алмайды. Түсінік айтуы қалыптаспаған. Есте сақтауы қиын. Жатжазуды жаза алмайды, грамматикалық тапсырмаларды орындауы қиын. Қазақ тілі және математика пәндері бойынша тақырыптарды меңгеруде көп көмекті талап етеді. Қазақ тілі пәнінен берілген жаттығуды қатемен көшіріп жазады, тапсырмаларды өз бетінше орындай алмайды. Каллиграфиясы нашар. Сөйлеуі жағынан кемшіліктер байқалады. Оқушының мінез- құлық ерекшеліктеріне байланысты жұмыс жасаудың қиындығын айтты, сабақ барысында аталған оқушы орнында отыруы қиын, зейіні тұрақсыз, шашыраңқы, басқа оқушылардың жағымсыз іс-әрекеттер жасау арқылы назарын өзіне аударып, кедергі жасайды. Эмоцияға тез берілгіш. Қараусыз қалдыруға болмайды. Қасындағы достарын боқтайды. Сабақ өтуге кедергі жасайды

Орыс тілі пәні мұғалімі Сейдалиева С:

Сақтаған Сағынғанның мінез-құлқы сабақта аса қиындық туғызады. Сабақта тыныш отыра алмайды, балаларға себепсіз тиіседі. Қарым- қатынас жасауда жанжалға бейім. Жаңа сабақ түсіндіруде сыныпта жағымсыз мінез-

құлық танытады. Орыс тілінен сөздік қоры төмен. Орыс тілін түсінуі төмен, кітапқа қызығушылығы төмен. Сабақта балаларға тиіседі.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ержанова А:

Сақтаған Сағынғансабақта өзін- өзі ұстауы қиын екендігін айтты, айтқан ескертуге құлақ аспайтыны айтылды. Сабаққа қызығушылығы төмен. Тынышсыз. Бір орында отыра алмайды, сабақ үстінде тұрып кетеді. Сыныпты игеру қиын. Өз заттарын қатты қызғанады, басқалар сұраса жанжал тудыратындығын айтты.

Мектеп логопед-дефектологы Мағауияұлы Н:

4 «Б» сынып оқушысы = Сақтаған Сағынғанның қарапайым математикалық ұғымдарының және қоршаған орта туралы танымы- толық қалыптаспаған. 5 шамасындағы сандарды жазуда, қосу-азайту амалдарын қолдануда қиындықтар туғызады. Мінез-құлықтың жағымсыз әсерінен баланың түзету-дамыту сабақтарында берілген тапсырмаларды орындауда өзін-өзі ұстауы- тұлғалық мінездің қалыптаспағандығының көрінісі.


Мектеп психологы Калмағанбетова С:

4«Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынғанныңотбасында жайлы тұрақты қарым - қатынас қалыптаспаған. Сақтаған толық емес отбасында тәрбиеленуде. Жартылай жетім.Ата - анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмектесіп отырмайды. Баланың бойында жақсы әдеттерді оның дүниетанымы мен өмірлік бағдары, көзқарасы дұрыс қалыптаспаған.Сағынғанның оқу үлгерімі нашар, қосымша білім көздерін пайдалана алмайды.Сөйлеу мәдениеті қалыптаспаған. Өз ойын дәл және еркін жеткізе білмейді. Үй тапсырмасын жүйелі орындамайды.Өз жұмыстарын ұйымдастыра білмейді. Оқудағы жұмысы жүйелі және бірізді емес.Өз-өзіне қызмет жасай алмайды. Мінез құлқында өзгерістер бар. Тынышсыз. Мұғалімдерді тыңдауы қиын. Түрлі анайы сөздерді жиіайтады. Соңында бір адам жүреді. Эмоцияға тез берілгіш. Есте сақтауы нашар. Зейіні төмен. Қабылдауынашар.Сыныптастармен және мұғалімдермен қарым - қатынасы тұрақты қалыптаспаған. Мектептің, сыныптың қоғамдық өміріне белсене араласпайды.Қоғамдық жұмыстарды жауапкершілікпен орындай алмайды.Мұғалімдердің сын ескертпелерін дұрыс қабылдамайды. Шыншыл емес. Мақсатқа жету жолындағы ұмтылысы жоқ. Өз мінез құлқын реттей алмайды. Сыныпта бір орында орыта алмайды. Көп қозғалады. Сыныптастарына кедергі жасайды. Заттарын алып қояды. Өз мүмкіндігін бағалай алмайды. Құлшынысы жоқ.Қарым - қатынас ережелері мен нормаларын сақтай білмейді.

Қорытынды:


4 «Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынғанның оқудағы қиындықтарын, дамуы мен білім алу ерекшеліктерін ескере отырып, ата- анасының келісімі бойынша ПМПК мамандарынан педагог – ассистент бекітуді сұраймыз.

Жиналыс төрайымы:



Сарманова Л

Хатшы: Мағауияұлы Н



Хаттама

№39 "Қызылөзек" орта мектебі Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3-отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті 28.10.2022ж

Қатысқандар:

- 1) Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Сарманова Л
- 2) Педагог-психолог – Абилова А
- 3) Педагог-психолог – Калмағанбетова С
- 4) Әлеуметтік педагог – Сапаржанова Ж
- 5) Арнайы педагог – Мағауияұлы Н
- 6) Арнайы педагог – Тусупбаева Ф
- 7) Медбике- Каракузиева Ж

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;
2. ЕББҚ бар оқушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастыру қағидалары;

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-ші отырысын ППҚҚ төрайымы Сарманова Л ашты. Мектепшілік бақылау нәтижелерімен таныстырып, ЕББҚ ететін білім алушылардың тәртіп мәдениетіне, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне тоқталды. Оқытудағы қиындықтары мен жетістіктерін де атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Мағауияұлы Н, Тусупбаева Ф оқушылардың негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері сынып жетекшісі Қалиева Р, ағылшын тілі пәні мұғалімі Ержанова А, орыс тілі пәні мұғалімі Сейдалиева С: оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

4 «Б» сынып оқушысы – Сақтаған Сағынғанға 1-ші тоқсанда математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Арнайы педагог тарапынан алдыңғы сыныптардағы олқылықтармен жұмыс жасалды. Тоқсан соңында жетістіктер картасы толтырылды. Оқушы бейімделген оқу бағдарламасын меңгергенімен, жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын емес. Келесі тоқсанда да оқу бағдарламаларын бейімдеу қажеттілігі айтылды.

Педагогикалық диагностика нәтижесінде 5 «Б» сынып оқушысы – Мұратбек Жанерке математика пәні бойынша 3 сыныптың оқу бағдарламасымен, қазақ тілі пәні бойынша 2-сыныптың оқу бағдарламасымен, орыс тілі 2-сыныптың оқу бағдарламасымен оқытылды. Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылды.

9 «Б» сынып оқушысы – Ергеш Қожанияз. Педагогикалық диагностика нәтижесінде Қожанияз математика пәні бойынша 4 сыныптың оқу бағдарламасымен, қазақ тілі пәні бойынша 2-сыныптың оқу бағдарламасымен, орыс тілі 2-сыныптың оқу бағдарламасымен оқытылды. Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылды. Жеке оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жетістіктер картасында көрсетілген.

2-ші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сарманова Л бұйрықтар негізінде толық мағлұмат берді. ЕББҚ бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес іске асырылатындығы айтылды. Жетістіктерді бағалаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді». ЕББҚ бар оқушыларға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес БЖБ, ТЖБ тапсырмалары дайындалып, бағалау критерийлері өзгертілетіндігін атап көрсетті.

Ұсыныс:

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламаларына сәйкес дайындалуы қажет;
3. 2-тоқсанға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;

Шешім:

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламаларына сәйкес дайындалсын;
3. 2-тоқсанға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын.

Хатшы:  Мағауияұлы Н

Хаттама

№39 "Қызылөзек" орта мектебі Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 4-отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті 28.12.2022ж

Қатысқандар:

- 1) Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Сарманова Л
- 2) Педагог-психолог – Абилова А
- 3) Педагог-психолог – Калмаганбетова С
- 4) Әлеуметтік педагог – Сапаржанова Ж
- 5) Арнайы педагог – Мағауияұлы Н
- 6) Арнайы педагог – Тусупбаева Ф
- 7) Педагог- ассистент- Ултанбекова А
- 7) Медбике- Каракузиева Ж

Күн тәртібінде:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сарманова Л сөз алды. Бірінші жартыжылдық бойынша оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары сабақтарға қатысты, бақылау хаттамалары (2а, 2б, 3 формалар), негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасы толтырылып, зерделенді. Оқу жылының басында және бірінші жартыжылдықтан соң толтырылған бақылау хаттамаларын салыстырып, оқушыларда анағұрлым динамика байқалатынын атап көрсетті.

Аталған мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Тусупбаева Ф , Мағауияұлы Н оқушылардың негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасына сәйкес оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

4 «Б» сынып оқушысы Сақтаған Сағынғанға негізгі пәндер математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Математика пәні бойынша оқушыда әлі де тұрақты қиындықтар

байқалатындығы айтылды. Қазақ тілі пәні бойынша бейімделген оқу мақсаттарын меңгерді, ауызша жауап береді, өзінің пікірін айтады, жазады және оқиды. Жетістіктер картасын зерделей келе, оқушыда жағымды динамика байқалатындығы көрсетілді.

5 «Б» сынып оқушысы Мұратбек Жанерке 2-ші тоқсанда математика және қазақ тілі пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Арнайы педагог тарапынан алдыңғы сыныптардағы олқылықтармен жұмыс жасалды. Тоқсан соңында жетістіктер картасы толтырылды. Оқушы бейімделген оқу мақсаттарын меңгергенімен, жалпы білім беру бағдарламасын меңгеруге әлі де дайын емес. Келесі тоқсанда да оқу бағдарламаларын бейімдеу қажеттілігі айтылды.

9 «Б» сынып оқушысы Ергеш Қожанияз. Қожанияз математика пәні бойынша 4 сыныптың оқу бағдарламасымен, қазақ тілі пәні бойынша 2-сыныптың оқу бағдарламасымен жұмыс жасалды.


Ұсыныс:

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауда болуы қажет;
2. 3-тоқсанға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру;

Шешім:

1. Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. 3-тоқсанға жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастырылып, жүзеге асырылсын.

Хатшы:



Н. Мағауияұлы

№39 "Қызылөзек" орта мектебі
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 5-отырысының
хаттамасы

№39 "Қызылөзек" орта мектебі 30.05.2023ж

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті

Қатысқандар:

- 1) Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары: Сарманова Л
- 2) Педагог-психолог – Абилова А
- 3) Педагог-психолог – Калмаганбетова С
- 4) Әлеуметтік педагог – Сапаржанова Ж
- 5) Арнайы педагог – Мағауияұлы Н
- 6) Арнайы педагог – Тусипбаева Ф
- 7) Педагог-ассистент- Ултанбекова А
- 8) Медбике- Каракузиева Ж

Күн тәртібінде:

- Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау және оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;
- Сақтаған Сағынғанның білім беру бағдарламасы бойынша нәтижелерін талдау;
- ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылау;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сарманова Л сөз алды. Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар оқушылардың даму динамикасына мониторинг жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары сабақтарға қатысты, бақылау хаттамалары 2а, 2б, 3 формалар толтырылды. Негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасы толтырылып, зерделенді. Оқу жылының басында және оқу жылының соңында толтырылған бақылау хаттамаларын салыстыра келе оқушыларда анағұрлым динамика байқалатынын атап көрсетті.

Аталған мәселе бойынша мектептің арнайы педагогі- Ф. Тусипбаева оқушылардың негізгі пәндер бойынша жетістіктер картасына сәйкес оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін талқылады. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселені педагог-психолог Калмаганбетова С қарастырды. 4 «Б» сынып оқушысы -Сақтаған Сағынғанның ағымдағы оқу жылындағы жетістіктер картасын, даму динамикасын зерделей келе мінез-құлқы жақсы жағынан өзгерді. Оқушы сыныптағы мұғалімнің берген тапсырмаларын орындауға тырысып келетін болды. Достарымен қарым-қатынасы жақсарды. Кікілжіңге келмейді. Сыныптың тәртібіне бағынып жұмыс жасайды.

Мектептің арнайы педагогы Н. Мағауияұлы- оқушы қарапайым математикалық ұғымдарының және қоршаған орта туралы танымы қалыптаспаған. 5 шамасындағы сандарды жазуда, қосу-азайту амалдарын қолдануда қиындық туғызады.Түзету-дамыту сабақтарында берілген тапсырмаларды орындауда өзін-өзі ұстауы тұлғалық мінездің қалыптасқаны байқалады. Белсенді сөйлеу тілі қалыптасқан.Берілген қарапайым нұсқауларды түсінеді, орындайды. Бала сюжетті суреттерден тек кейбір қарапайым сөйлемдерді айта алады.Байланыстырып сөйлеу тілі жас нормасынан төмен, сериялы сюжетті суреттердің себеп салдарлық байланысын таба алмады.

4 «Б» сынып оқушысы –Сақтаған Сағынған. Педагогикалық диагностика нәтижесінде математика пәні бойынша 2 сыныптың оқу бағдарламасымен, қазақ тілі пәні бойынша 1-сыныптың оқу бағдарламасымен, орыс тілі 2-сыныптың оқу бағдарламасымен оқытылды. Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылды. Ағымдағы оқу жылында оқушыға жеңіл зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру қиындық туғызды. ППҚҚ мамандары және пән мұғалімдері тарапынан оқушының оқу бағдарламасын жеңілдету мақсатында ПМПК-ке қайта жіберу ұсынылды.

Педагог-ассистент- Ултанбекова А оқушының мінез-құлқындағы өзгерістер оқу жылының аяғында жақсы жағынан өзгерді. Жеке жұмыстар барысында тапсырмаларды орындауда көптеген қателіктер жібереді, бірақ сабақта отыруы ,тәптіп сақтауы достарымен қарым- қатынасы жақсарды. Сағынған ересек адаммен қарым-қатынас жасау кезінде агрессия танытқан жоқ. Тапсырмаларды орындауда қиналады,мұғалімнің көмегін қажет етеді. Алдағы оқу жылына педагог-ассистенттің көмегі қажет етілмейді.

Әлеуметтік педагог- Ж. Сапаржанова. Сағынғанның отбасында жайлы тұрақты қарым-қатынас қалыптаспаған. Бала толық емес отбасында тәрбиелеуде,жартылай жетім. Ата- анасы баланың үйлесімді дамуына,оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмектесіп отырмайды.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Сарманова Л сөз алды. 2022-2023 оқу жылындағы мектептегі ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылады. ППҚҚ 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды.

Ұсыныс:

4. ЕББҚ ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазып, ПМПК жіберу;
5. Сақтаған Сағынғанға алдағы 2023-2024 оқу жылында педагог-ассистенттің көмегін қажет етілмейді.
6. Келесі оқу жылына ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

Шешім:

4. ЕББҚ ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме жазылып, ПМПК-ға жіберілсін;
5. Сақтаған Сағынғанға мектепте педагог-дефектологтың, психологтың арнайы қолдауын қажет етеді.
6. 2023-2024 оқу жылына арналған ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Хаттама №5

№ 39 «Қызылөзек» орта мектебі 31.05.2023

Өткізілген орны: арнайы педагогтың кабинеті

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, мектептің арнайы мамандары, мектеп психологтары, сынып жетекші

Психологиялық -педагогикалық қолдау қызметінде қаралған

мәселе: Мектеп алды даярлық тобының тәрбиеленушісі Бақытжанұлы Ғибратты ата-анасының сұранысымен қайта мектеп алды даярлық тобында қалдыру.

Тыңдалды: Психологиялық -педагогикалық қолдау қызметінің отырысын Л.Сарманова ашты.Мақсатымыз ата- ана келісімімен ЕББҚ бар тәрбиеленушіге психологиялық -педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету Бақытжанұлы Ғибрат 2017 жылдың 6 қарашасында дүниеге келген. Ғибратпен арнайы мамандар жыл бойы жұмыс жүргізді. Оқушымен түзету дамыту жұмыстарын жүргізді.

Дефектолог- Ф.Тусипбаева . Мектеп алды даярлық тобынның тәрбиеленуші Бақытжанұлы Ғибрат дефектологтың есебіне алынып түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Іс-әрекет барысында баланың жағдайын бақылап көрдім. Ғибраттың интеллектуалды даму деңгейі,яғни зейіні,есте сақтау, ойлауы,кеңістікті бағдарлауы төмен . Өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруде қиналады, өзіне қызықтырған сұрақтарды сұрай алмайды. Сандарды тани алмайды, түстерді ажырата алмайды ,тек мұғалімнің айтуын қайталайды. Тапсырма барысында орындауда қиындық тудырады. Өзін -өзі төмен бағалайды. Қоршаған ортаға сенбеушілікпен қарайды. Өз күшіне сенімсіз.

Сынып жетекшісі-Қ.Рахметова . Ғибраттың жыл бойында сабаққа белсенділігі байқалмады . Ғибраттың ата-анасымен тығыз байланыстамыз. Ғибрат айтқанды түсінеді ,бірақ талап -тілегін жеткізе алмайды. Ғибрат әр түрлі іс-әрекет барысында шағын тапқақтар мен өлеңдерді жатқа айта алмайды. Өз ойын еркін жеткізе алмайды. Сөйлеуі қиын.Мүсіндеу,сурет, салу,жапсыру ,ойындарда берілген тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды.Суретпен салғанда, дәптермен жұмыс жасау кезінде қаламды дұрыс ұстай алмайды.Сыныптастарымен аз араласады.Өз ойын ашық айта алмайды.Оқу мен жазу ,есептеуде көп қателер жібереді.Тез шаршағыш.Зейіні тұрақсыз.

Қорытынды: Мектеп алды даярлық тобынның тәрбиеленушісі Бақытжанұлы Ғибраттың оқудағы қиындықтарын, дамуы мен білім алу ерекшеліктерін ескере отырып МАД тобында қалдыру туралы ұсыныс берілді.

Жиналыс төрайымы: Сарманова Л

Хатшы: Ф.Тусипбаева